


4

Ауылым сұлу  
Сырдың жағасында

6

Қатерлі дертті  
диетамен жеңген

# Сыр бойы

28 қыркүйек, сенбі 2024 жыл

№149-150 (20823-20824) Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi\_kz  
www.instagram.com/syrboyi\_kz  
t.me/syrboyi\_kz  
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

## ТҮРКІСТАН ӨНІРІНІҢ КЕЛЕШЕГІ ЖАРҚЫН



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркістан облысына жұмыс сапары Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етуден басталды. Ақын, ғұлама, бүкіл түркі дүниесіне ортақ рухани ұстаз Қожа Ахмет Ясауидің және кесене аумағында жерленген басқа да тарихи тұлғалардың рухына тағзым етіп, Құран бағыштады.

Қасым-Жомарт Тоқаевка ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енген кесенеді жүргізіліп жатқан кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстары жөнінде баяндалды.

Мемлекет басшысы «Білім-Инновация» лицей-интернатында болды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа оқу орнындағы білім беру процесінің ерекшелігі мен оқушылардың ғылыми-зерттеу жобалары таныстырылды. Лицейде жаратылыстану-математика бағытына басымдық беріледі. Атап айтқанда, физика, химия, биология, математика және информатика пәндері бойынша сабақтар ағылшын тілінде өтеді. Ұстаздар оқушылардың академиялық жетістіктеріне ден қояды. Нәтижесінде олар республикалық, халықаралық пән олимпиадаларында және спорт сайыстарында үздік атанып жүр.

Жыл басында жаңа ғимарат пайдалануға беріліп, лицей-интернат Кентаудан Түркістан қаласына көшірілген. Қазір мұнда 500-ден астам оқушы білім алып жатыр. Президент оқу және үйірме кабинеттерін, спорт залын аралап көріп, оқушылармен әңгімелесті. Еліміздің келешегі жас ұрпақтың қолында екенін айтып, олардың оқуда озат болуына тілектестік білдірді.

Бүгінде Түркістан облысында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша 14 мың оқушыға арналған 29

мектеп салынып жатыр. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық бойынша істі болған тұлғалардан тәркіленген қаржыға өңірде 20 білім беру нысаны бой көтереді. Оның 13-і биыл пайдалануға берілмек. Жыл соңына дейін облыстағы 4 апатты және үш ауысымды 5 мектептің мәселесі толығымен шешіледі.

Мемлекет басшысы Түркістан қаласындағы Мұз сарайын аралап көрді. Заманауи үлгіде жабдықталған кешенде шорт-трек, мәнерлеп сырғанау және хоккей сияқты қысқы спорт түрлерімен жыл бойы айналысуға қажетті барлық жағдай жасалған. Нысанда Италия, Канада, Германия, Финляндия елдерінде шығарылған кондырғылар орнатылған. Арнайы технология алаңның пішінін өзгертуге мүмкіндік береді. Сол арқылы мұз айдынында бір мезгілде бірнеше спорт түрімен шұғылдануға болады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Мұз сарайын аралап көріп, балалардың өнерін тамашалады. Сондай-ақ бапкерлермен және спортшылармен кездесті. Отандық спортшыларды әрдайым қолдайтынын, жетістіктерін бақылап отыратынын айтып, оларға сәттілік тіледі. Жергілікті «Turan Tigers» хоккей клубының спортшылары Мемлекет басшысына команданың жейдесін сыйға тартты.

2-бет

/// ЕҢБЕК КҮНІ

## ЕҢБЕК АДАМЫ ЕҢ ЖОҒАРЫ ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ



Еңбек күні қарсаңында ұйымдастырылған «Адал азамат – Адал еңбек» атты салтанатты іс-шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ұзақ жылдар бойы адал жұмыс істеген мамандарға құрмет көрсетті. Мерекелік жиынға Парламент депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, Қазақстанның Еңбек ері Имамзада Шағыртаев және еңбек адамдары қатысты.

Аймақ басшысы жерлестерін айтулы мерекемен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

– Бұл мереке – адал еңбегімен, маңдай терімен ел дамуына өлшеусіз үлес қосқан сіздерге деген

құрметтің көрінісі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Ұлттық құрылтайда, халыққа арнаған Жолдауларында кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы, еңбеккер

адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуы тиіс екендігін әрдайым айтып келеді. Биылғы Жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Алдағы уақытта техникалық және кәсіптік білім берудің маңызы арта түсері сөзсіз. Өйткені, экономиканы өркендетуге білікті мамандар қажет. Аймақтың еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтардың ұзақмерзімді болжамын анықтау үшін мамандықтар атласы әзірленуде. Менің тапсырмам бойынша

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті осы мақсатта 20 қызметкерді арнайы оқудан өткізді. Ел Президентінің жұмысшы және орта буын мамандықтары бойынша білім алуға ниетті жастарды 100 пайыз тегін кәсіптік біліммен қамту тапсырмасына орай келесі жылы бюджет есебінен 5308 орынға мемлекеттік тапсырыс бөлінуде. Осылайша біз жұмысшы мамандықтарын дәрiптeу арқылы қоғамда бiлiктi мамандарды қалыптастыра аламыз, – дедi облыс әкiмi.

2-бет

/// САРАП

## ЭЛЕКТРОНДЫ САУДА – ЭКОНОМИКАҒА СЕРПІН

Бүгінде электронды сауда ел экономикасын дамытудың маңызды секторының біріне айналды. Цифрландыру мен жаһанды жайлаған коронавирус пандемиясы оның сала ретінде қарқынды дамуына айтарлықтай ықпал етті. Киім мен тамаққа онлайн тапсырыс береміз деп ойламаған жұрт пандемия кезінде бұл үрдіске қалай қосылып кеткенін байқамай да қалды.

Саланың дамуы соңғы онжылдықта жақсы белең алып, дәстүрлі сауда орындарын ауыстыра бастады. Әлемдік Statista компаниясының болжамына, онлайн сауда алдағы жылдары да даму динамикасын сақтайды. Мәселен, жаһандық онлайн сауда нарығы жыл сайын 5,1% көлемінде артып, 2028 жылы шамамен 12,16 миллиард долларға дейін жетеді деп күтілуде.

Білуімізше, әлем елдері арасында электронды сауданың айтарлықтай дамыған жүйесі Қытай, Америка Құрама Штаттары, Ұлыбританияда, Жапония, сонымен қоса Оңтүстік Кореяда қалыптасқан. Ал Қазақстандағы ахуал қай деңгейде? Отандық экономикаға әсері қандай?

3-бет

/// ЖӘРМӨҢКЕ

## МОЛШЫЛЫҚ МАУСЫМЫНЫҢ БЕРЕКЕСІ

Бүгін, яғни қыркүйектің 28-і күні Арқа төрінде Сыр өңірінен барған ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жәрмеңкесі басталды. Елордадағы жәрмеңке 2 күнге жалғасады. Онда Қызылорда және жеті ауданның шаруашылықтары мен кәсіпорындары 70 жүк көлігімен 600 тоннадан астам өнімді нарықтағыдан төмен бағада ұсынады.

Астана тұрғындары аймақтың брендіне айналған ақ күріштен, балық пен ас тұзы, ұлттық сусындар, қауын мен қарбыздан дәм татады. Бұл – шаруа мен дикан үшін де қуанышты мезет. Көктемнен басталған қызу еңбектің

жемісін көретін кез. Берекелі күз осынысымен ерекше.

– Әдеттегідей жәрмеңкеге қызылордалық дикандар мен шаруалар жақсы дайындықпен келді. Биыл 300 тоннадан астам күріш, 6 тонна ет өнімдері, 30 тоннадай балық өнімдері, 80

тоннадан астам көкөніс пен жеміс-жидек, 180 тонна бақша өнімдері, 3 тонна ас тұзы, 15 тоннаға жуық сүт және кондитер өнімдері жеткізілді, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев.

Сонымен қатар, дәл осы күні сырбойылық өнерпаздардың қатысуымен мерекелік концерт ұйымдастырылып, елордалықтарға ерекше көңіл-күй сыйлайды.

2-бет

/// БЕЛЕС

## ТАМАШАСЫ ДА, ТАҒЫЛЫМЫ ДА МОЛ

Өткен жылы облыс әкімінің тікелей қолдауымен іргесі қаланып, есік ашқан «Анаға тағзым» орталығы өзінің бір жылдығын атап өтті.

Орталық ашылған күннен бастап кең тынысты, сан салалы бағыттарды тоғыстырып, жемісті еңбек етіп келеді. Мәселен, жыл көлемінде «Жас отау» жас отбасылар клубында 41 түрлі парасаттылық дәрістері өткізіліп, оған 1141 адам қамтыла, «Психолог-медиатор» кабинетінде 172 шара өткізіліп, 1933 қыз-келіншек кеңес алған.

Толықтай цифрлық кеңістікте туған альфа

ұрпақтың болашағына алаңдаушылық хәм жауапкершілік орталықта «Даму LIFT», «Креатив урбан тур», «Ойғөбе» секілді бірқатар жобаларды жүзеге асыруға ықпал етті. Бұл бастамалар смартфонды серік еткен жасөспірімдерге ой еңбегі мен қол еңбегін ұштастыра отырып, рухани-адамгершілік тәрбие беруді көздеді.

Әдептілік әліппесі, дастарқан әдебі, сөйлеу мәдениеті, ата-бабадан мирас қолөнердің сан түрін үйретуге бағытталған шеберлік сағаттары мен психологиялық кеңестер әрбір қыз-келіншекке пайдалы болып, өздерін жаңа қырынан тануға септігі тигені анық.

2-бет

Валюта бағамы \$ 478,23 kzt

€ 534,96 kzt

₸ 5,16 kzt

Ауа райы

+19° +21°

+20° +22°



## ТҮРКІСТАН ӨНІРІНІҢ КЕЛЕШЕГІ ЖАРҚЫН

Жалпы, Түркістанды әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына сай облыс орталығында «Түркістан-арена» стадионы, көпбейінді «Олимпик» орталығы және Бекзат Саттарханов атындағы спорт кешені, «Тұран» футбол академиясының ғимараты бой көтерген. Сонымен қатар 7 теннис корты салынып, жалпы ұзындығы 51 шақырым веложол төселген.

Президент Түркістан облысының жұртшылығымен кездесіп, жаңадан бой көтерген «Достық үйінің» жұмысымен танысты. Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы тапсырмасымен салынған кешенде «Қоғамдық келісім» мекемесі, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы Ардагерлер кеңесі, Аналар кеңесі, Медиация кеңесі, сондай-ақ аймақтағы 11 этномәдени бірлестіктің өкілдіктері орналасқан.

Мемлекет басшысы ғимаратты аралап көріп, жергілікті зиялы қауыммен және Қазақстан халқы ассамблеясының мүшелерімен жүздесті.

– Кәсірлі Түркістан жеріне арнайы келіп отырмын. Түркістан өңірінің келешегі жарқын деп ойлаймын. Жастарымызға үлгі-өнеге көрсетіп жүрген ардагерлерге алғыс айтып келеді. Ең алдымен, жастарға қолдау білдіруіміз керек. Біз бәріміз бірігіп, ел үшін еңбек етуіміз қажет. Сырттан келетін тәуекелдер аз емес. Ахуалды жақсы білесіздер. Түркістан облысында 50 ұлт өкілі тұрады. Ауызбіршілікті сақтау және елімізді дамыту жолындағы ерен еңбектеріңізге ризашылық білдіремін. Қазақстанда ешқашан ешқандай фобия болған емес, болмайды да. Біз – бірлігі мығым, толерантты, ұстамды әрі еңбеккер халықпыз. Ең бастысы – осы. Сондықтан ынтымағы жарасқан қоғамның іргесін әлі де бекіте түсеміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Түркістанның көрікті, таза қалаға айналғанына назар аударды. Бұл ретте Түркістанға облыс мәртебесін берген еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі зор екенін атап өтті.

Кездесуде Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Созақбай Әбдіқұлов Түркістанның облысқа айналған сәтінен бері орын алған оң өзгерістерге тоқталып, халық саны тығыз орналасқан өңірге мемлекет тарапынан жасалып жатқан қамқорлық үшін алғыс айтты.

1-бет

## КОМИССИЯНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.

Күн тәртібінде облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаттың жоспарлануын, игерілуін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау нәтижелері қаралды. Сондай-ақ суармалы жерді суарудағы, жергілікті атқарушы органдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар талқыланды.

Аймақ басшысы атқарылған жұмыстарға тоқталып, бірқатар тапсырма жүктеді.

– Сыбайлас жемқорлық себептерін жоюдың тиімді құралдардың бірі – ішкі талдау жұмыстары. Оны мемлекеттік органдар тұрақты негізде жүргізуі тиіс.

Әкімдер мен облыстық басқарма басшылары ішкі талдаудың сапасын арттыруда, осал тұстарды анықтауда нақты іс-әрекетке көшуі керек. Халықтың мұн-мұқтажын уақытылы естіп, оған қатысты шара қолдану – сіздердің тікелей міндеттеріңіз.

Бағынысты қызметкерлер, қолданыстағы заңнамалардағы шектеулерді қатаң сақтаңыздар. Жұмыс пен орындаушылық тәртіпке бақылауды күшейтіп, қызметкерлермен персоналды түрде профилактикалық әңгімелесу керек. Квзимемлекеттік сектор субъектілеріндегі комплаенс-қызметтің жұмысын күшейтіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды енгізу қажет. Жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсетуде белгіленген регламенттер қатаң сақталуы тиіс. Комиссияда қаралған әрбір мәселе өзекті. Жауапкершілікті күшейтіп, жүктелген міндетті мүлтіксіз орындау өте маңызды, – деді Н.Нәлібаев.

Жыныда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыс бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Асылхан Ашиқов, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Серік Сермағамбетов, құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төралиев, Арал ауданының әкімі Аманжол Оңғарбаев, Қазалы ауданының әкімі Мейрамбек Шермағанбет, Қармақшы ауданының әкімі Жандос Еркінбек, Жалағаш ауданының әкімі Ардақ Ибраимов атқарылған жұмыстар жөнінде баяндама жасады.

/// СЕЛЕКТОР

## «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖОСПАРҒА САЙ ЖҮЗЕГЕ АСУДА



ҚР Президенті Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өткен мәжілістің күн тәртібінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру барысы қаралды. Жиынға жауапты министрліктер қатысып, өңір әкімдіктері онлайн байланыс арқылы қосылды.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 12 300 орынға арналған 21 мектеп салу және оның 10-ын биыл пайдалануға беру жоспарланған. Өткен жылы мектептер құрылысына 19,6 млрд теңге қаржы бөлініп, «Самұрық-Қазына Констракшн» акционерлік қоғамының шотына аударылды.

Биылғы жоспарланған 24,5 млрд теңгенің 50% авансы 31 шілдеде берілді. Қызылорда облысы әкімдігі мектептерге инфрақұрылым жеткізудің жоба-сметалық құжаттарын әзірлеп, сараптаманың оң қорытындысы алынды. Қазір 10 мектепке инфрақұрылым жүргізу жұмыстары толық аяқталды.

Білім ошақтарының іргелес аумақтарын абаттандыруға, жол салуға жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп, мердігерлер анықталып, жұмыс жүргізілуде. Былтыр құрылысы басталған 10 мектептің 8-не мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған.

/// ИГІЛІК

## ЖАҢА ТЕХНИКА ЖҰМЫС ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРАДЫ

Еңбек күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақтағы коммуналдық мекемелерге 52 жаңа арнайы техниканың кілтін табыстады. Іс-шараға Парламент депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбен, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев қатысты.

Аймақ басшысы сала еңбеккерлерін құттықтап, игі тілегін жеткізді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ел мүддесі – бәрінен биік. Әділетті Қазақстанда еңбек адамына ерекше құрмет көрсетілуге тиіс. Еңбек адамдары – еліміз бен мемлекетіміздің тірегі» деген болатын.

2013 жылғы қарашада Президентіміздің Жарлығымен қыркүйектің соңғы жексенбісі Еңбек күні болып бекітілді. Бұл – жасампаз ісімен, маңдай терімен ел дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген сіздерге деген құрметтің белгісі. Сыр өңірі қандай жетістікке жетсе де, қандай биіктен көрінсе де, өздеріңіз секілді еңбексүйгіш азаматтарымыздың еңбегінің жемісі деуге әбден болады.

Коммуналдық сала еңбеккерлерінің халыққа қызмет көрсету сапасын арттыру үшін бүгін облыстық бюджеттен 2 млрд теңгеге сатып алынған 5 арнайы техниканы «Қызылорда су жүйесі», 23 көлікті «Жасыл Қызылорда», 24 көлікті «Қызылорда тазалығы» мекемелеріне табыстаудамыз. Тұрғындардың таза, қолайлы ортада өмір сүріп, сапалы қызмет алуын жақсарту өте маңызды. Жаңа техникалар жұртшылықтың игілігі үшін қызмет етеді, – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, мұнан бұрын жылу-электр орталығына 9 жаңа заманауи арнайы техника кілтін табысталды. Барлық автокөлік халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес жан-жақты тексеруден өткізілген, арнайы сұраныспен жергілікті жердің климаттық жағдайына бейімделіп дайындалған.

Іс-шарада Парламент Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов жерлеріңізді құттықтады. Сондай-ақ коммуналдық салада еңбек ететін азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.



Айта кетейік, сонғы жылдары өңірде барлық саланың материалдық-техникалық базасын нығайтуға басымдық берілуде. Қоғамдық көліктің мәселесін түбегейлі шешу үшін 300 мектеп оқушыларына 30 автобус, денсаулық сақтау саласына 70 жедел жәрдем көлігі, орманшыларға 95 арнайы техника, ветеринария саласына 59, құдық қорғау органдарына 92 қызметтік автокөлік алынды.

Коммуналдық салаға да жан-жақты қолдау көрсетілуде. «Қызылорда тазалығы», КРЭК, «Қызылорда су жүйесі» мекемелеріне 42 арнайы техника табысталып, тұрғындар игілігі үшін қызмет етуде. Мұнан бөлек, «Үлгілі елді мекен» облыстық байқауының жеңімпаздарына күнделікті ел тұрмысына қажетті, заманауи үлгідегі 48 арнайы техника берілді.

Биыл облыс тұрғындарының сұранысына сәйкес өңірдің барлық елді мекеніндегі денсаулық сақтау мекемелеріне 200 санитарлық автокөлік алынды. Оның 126-сы қолданыста, қалған 74-і жақын күндері табысталады.

## ЕҢБЕК АДАМЫ ЕҢ ЖОҒАРЫ ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

Іс-шарада Қызылорда облысының Құрметті азаматы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Қорғанбек Қайруллаев, Мәжіліс депутаты Мұрат Әбен облыс тұрғындарын мерекемен құттықтады. Сондай-ақ Қазақстанның Еңбек ері Имамзада Шағыртаев сөз сөйлеп, жерлеріңізді қажырлы еңбек етуге, үздіксіз дамуға шақырды.

Іс-шара соңында еселі еңбек етіп, ел алғысына бөленген азаматтарға облыс әкімінің Алғыс хаты мен қаржылай сыйлықтар табысталды. Біліктілігімен, өз ісіне жоғары жауапкершілігімен сый-құрметке бөленген 10 азаматқа 400 мың теңгелік сертификат, тағы 10 азаматқа шипажайға жолдама берілді.

1-бет

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

## ТАМАШАСЫ ДА, ТАҒЫЛЫМЫ ДА МОЛ



«Белесі биік бір жыл» атты шараның салтанатында облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов сөз сөйлеп, жемісті жылдың жарқын жетістіктерін атап өтті. Облыс әкімі Н.Нәлібаевтың арнайы құттықтауын орталық басшысы А.Молжановаға табыс етті.

Сондай-ақ күні кеше ғана өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында еліміздің мерейін үстем етіп, тоғызқұмалақтан чемпион атанған Бексұлтан Бостандықовтың анасы Айнур Әлиеваға орталықтың бренд бұйымы «Өмір иірімдері» тұмарын сыйға тартты.

Мұнан соң Ш.Байманов «Анаға тағзым» орталығымен бірге өсіп келе жатқан бір жастағы қызылордалық Сардар Бақытжанұлының тұсауын кесті.

Орталықтың бір жылдығына орай ұлттық құндылықтарымыздың ең алғашқы бастау бұлағы ана әлді, бесік жырын жаңғырту мақсатында республикалық онлайн байқау ұйымдастырған болатын.

Он бес композитор қатысқан осы байқауда озық шыққандар ақшалай жұлдемен марапатталды.

1-бет

«СБ» ақпарат

## МОЛШЫЛЫҚ МАУСУЫНЫҢ БЕРЕКЕСІ

Айта кетейік, биыл аймақтың аграрлық саласы айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Өнім өндіруде өсім артты. Сондай-ақ 190 мың гектарға жуық жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде дәнді дақылдар, майлы дақылдар, малазықтық дақылдар, картоп, көкөніс, бақша өнімдері бар. Егісті әртарапандыру бағытында, су үнемдеу технологиясын қолдану арқылы да дақылдар егілді.

Қазіргі таңда облыста егін жинау жұмыс-

тары қарқынды жүргізілуде. Күріштің жартысынан астамы орылып, бастырылууда. Дикандар мол өнімге негіз қалап отыр.

Өңірдің экспорттық әлеуеті де артып келеді. Бүгінде Сыр елінің ауыл шаруашылығы өнімдері әлемнің 16 мемлекетіне экспортталуда. Экспортталған өнімнің басым бөлігі – күріш. Ол Ресей, Беларусь, Әзербайжан, Тәжікстан, Украина, Монғолия, Өзбекстан және Ирак мемлекеттеріне шығарылып жатыр.

1-бет

«СБ» ақпарат



/// КОНФЕРЕНЦИЯ

## ОТАНДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыстық қоғамдық даму басқармасының ұйымдастыруымен Тілдерді оқыту орталығының 15 жылдығына орай «Тілдегі өзгерістер: тіл үйретудегі отандық әдістеме» атты республикалық ғылыми конференция өтті.

Онда тіл төңірегіндегі мәселелер, заман көшіне қарай енгізілген өзгерістер және тіл үйретудегі қолданылып жүрген отандық әдістемелер ортаға салынды. Конференцияға облыс әкімінің орынбасары Ш.Байманов, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалымдары, Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Жетісу, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл және Түркістан облыстарынан келген орталық басшылары мен өкілдері, аймақтың зиялы қауым өкілдері қатысты.

Іс-шара Тілдерді оқыту орталығы дайындаған көрмеден бастау алды. Конференцияны облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Р.Қаюпов жүргізді. Облыс әкімінің орынбасары Ш.Байманов сөз алып, конференция жұмысына сәттілік тіледі.

– Тіл – кез келген ұлттың болмыс-бітімін айшықтайтын асыл қазынасы. Ұлттық ерекшелігін көрсететін ең маңызды құндылық. Мемлекет басшысының Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясында «Тіл – көптеген мемлекет үшін өзекті мәселенің бірі. Осы мәселенің дұрыс шешілуі кез келген елдегі қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығына едәуір ықпал ететінін тарихтың өзі көрсетіп отыр. Біз осы мәселеге келгенде сыртқы-ішкі факторларды ескере отырып, стратегиялық ұстамдылық және толеранттық танытуымыз қажет. Мен қазақ тілі уақыт өте келе этносаралық қарым-қатынас тіліне айналатынына сенімдімін» деп атап өтті.

Сыр өңірі – қазақылықтың қаймағы бұзылмаған, ұлттық рухы мен жандың тілін қолданушылардың көптігімен ерекшеленетін облыстың бірі. Бүгінде сүйлейлерді қанаттандырып өлкеде тілге деген оң көзқарас, шынайы сүйіспеншілік қалыптасқан. Соның бір айғағы – облысымыз 2001 жылы республикада алғашқы болып мемлекеттік мекемелерде іс қағаздарды жүргізуді мемлекеттік тілге көшірді. Осыдан 10 жыл бұрын, мемлекеттік тілде іс қағаз жүргізу көрсеткіші 94 пайыз болса, қазір 99,6 пайызға жетті. Мемлекеттік тілді үйретуде, жалпы қолданыс аясын кеңейтуде Тілдерді оқыту орталығының еңбегі зор, – деді.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, терминология орталығының жетекші ғылыми қызметкері Н.Рсаинова «Қазақ тілі пәні – тілдегі өзгерістерді еңсерудің басты тетігі» тақырыбы аясында термин мәселесін сөз етті.

– Қазір тіл тоқтасыз даму үстінде. Десе де дұрыс бағытта дамымай жатқан тұстары бар. Осыған тіл жанашырлары бел шеше жұмыс жасауы керек. Дер уақытында кіріспесе, тіліміз қандай да бір тілдің диалектісі болып кетуі мүмкін. Мәселен, қазір донор тілі – ағылшын тілі. Терминдер ағылшын тілінен енеді. Балаларымыздың көретіні де, еститіні де – ағылшын тіліндегі дүниелер. Бұған тосқауыл қою отырып, тіліміздің тазалығын сақтауымыз қажет, – дейді ол.

Мұнан бөлек «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының атқарушы директоры Л.Есбосын «Жасанды интеллект өзегі – тіл», орталықтың ғалым хатшысы Г.Түсіпова «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», Назарбаев зияткерлік мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Шынтасова «Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістемесі: мектептегі тәжірибе» тақырыптарында баяндама жасалды. Сондай-ақ қатысушылар өз пікірлерін ортаға салды.

Кеш соңында мерейтойға орай облыс әкімінің орынбасары Ш.Байманов орталық жұмысына облыс әкімінің құттықтауын және қызметкерлерге марапат табыстады.

Мейрамгүл  
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,  
«Сыр бойы»

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭЛЕКТРОНДЫ САУДАНЫҢ ДАМУЫ

Электронды сауда нарығы елімізде де қарқынды дамуда. Ұлттық статистика бюросының ақпараты бойынша, өткен жылы бөлшек электронды коммерция нарығының көлемі 2,4 трлн теңге болды. Бұл – 2022 жылмен салыстырғанда 24,3 пайызға жоғары көрсеткіш. Жалпы бөлшек саудадағы электронды коммерцияның үлесі жаңа рекорд орнатып 12,7 пайызға жеткен. Айта кету керек, бүкіл электронды коммерция айналымының 72,4 пайызы маркетплейстерге тиесілі. Тек 27,6 пайызы ғана кәсіпорындардың

## ЭЛЕКТРОНДЫ САУДА – ЭКОНОМИКАҒА СЕРПІН



Коллаж К.Оразбаев

жекелеген интернет-ресурсы арқылы іске асырылады екен.

Ал биылғы соңғы деректер бойынша, елдегі электронды коммерция айналымы 3,17 трлн теңгеге жеткен. Оның 1,13 триллионы компаниялардың интернет-ресурсы арқылы тікелей сатылатын сауда-саттыққа тиесілі болса, 2,05 триллионы маркетплейстердің еншісінде. Электронды коммерцияның ішкі көлемінің 61,7 %-ы немесе 1,96 трлн теңгесі бөлшек саудаға, 37,3 %-ы немесе 1,19 трлн теңгесі қызметкерге, 0,9 %-ы немесе 29 млрд теңгесі көтерме саудаға тиесілі. Өзінің тауары мен қызметін сату үшін интернет-ресурсты пайдаланатын кәсіпорын саны 2007-ге жетіпті. Солардың 700-ден астамы өзінің жеке интернет-ресурсын қолданса, 1000-нан астамы маркетплейстердің көмегіне жүгінеді.

Шетелдік сарапшылар, оның ішінде Data Insight және Cross Insights агенттіктері Қазақстанды инвестициялық тұрғыдағы ең тиімді ел деп есептейді. Қазір біздегі e-commerce, яғни онлайн сауда жыл сайын 20-30 пайыз қарқын алып, алға жылжыуда. Data Insight-тың жетекші аналитигі Сергей Семконың айтуынша, Қазақстанда интернет сауда-саттық бойынша ерекше талпыныс және оң нәтиже бар. Десе де инфрақұрылымдық түйткілдер әлі де толық шешімін таппаған.

– Қазақстанда курырлық жеткізілім бойынша бәрі жақсы, бірақ қоймаларға қатысты мәселе бар. Нарық тез өсуге дайын, алайда логистикадағы ауытқулар мен инвестициялардың жетіспеушілігі оны тежеп тұр. Қазір нарық үшін стратегияны әзірлеу және оны ресурстармен толықтыру аса қажет. Нарықта инвестициялық сұраныс бар екеніне қарамастан жергілікті ойыншылар әлі белсенді емес. Халықаралық ойыншылар болса санкциялар мен геосаяси негіздерге байланысты нақты қадамға бармай отыр, – дейді ол.

Жалпы елімізде электронды сауда үлесін 2030 жылға қарай 20%-ға жеткізу міндеті тұр. Осыған байланысты 2025 жылға дейін электронды сауданы дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары қабылданып, e-commerce саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету үшін түзетулер әзірленді. Ол тұтынушылардың құқығын қорғау туралы заң жобасы шеңберінде Мәжілісте қаралады. Маркетплейстерде отандық өндіріс тауарларының ұсынылуын кеңейтуге ерекше назар аударылмақ. Бұл туралы жыл басында Үкімет отырысында ҚР Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев мәлімдеген болатын.

Министрдің айтуынша, Қазақстан жыл сайын электронды сауда арналары арқылы басқа елдермен сауда көлемін 100 млн долларға ұлғайтуды көздеп отыр. Осы мақсатта Сауда және интеграция министрлігі Орталық Азия серіктестерімен әлемдік маркетплейстерде бірлескен павильонның ашылуын талқылауға ниетті екенін де білдірді.

### МАРКЕТПЛЕЙСТЕР ҚАРҚЫНЫ

Елдегі e-commerce өсімінің басты драйверлері – маркетплейстер. Ол Қазақстандағы шағын және орта бизнестің өсуіне жаңа мүмкіндік қалыптастырып отыр.

1-бет

Өткен жылы Wildberries, Ozon, Pinduoduo, Aliexpress, Temu, Alibaba.com, 1688, Taobao және т.б. халықаралық маркетплейстер бөлшек электронды сауданы дамытуда ерекше рөл атқарды. Бұл үрдіс онлайн-шопингтің тұтынушылардың күнделікті өміріне терең енуін көрсетеді. Оның бірден-бір көрінісі азық-түлікке тапсырыстың өзі онлайн режимде жасалуда.

Елімізде маркетплейстер көшін Kaspi бастап тұр. Банк өз тұтынушыларына барлық жағдайды жасап қойған. Кез келген төлемді не тапсырысты үйде отырып-ақ жасауға болады. Ақшаң болмаған кезде бөліп төлеу мүмкіндігі бар.

сауда жасайды екен. Осыдан-ақ дүкеннің әлеуетін аңғаруға болады. Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев те электронды сауданың саудагерлерді базардан ығыстырып жатқанын айтты.

– Жыл сайынғы тенденцияны бақылап отырмыз. Кейінгі 2-3 жылда бөлшек саудадағы электронды алыс-берістің үлесі 15%-дан астам деңгейге артты. Қазір бөлшек сауда нарығында, 1,5 млн адам жұмыс істеп жүр. Тенденция осы күйінде жалғаса, жыл сайын базарда жұмыс істейтін адамдардың бестен бірі электронды қызметке ауысуы керек. Осындай талдау арқылы есептесек, 2027 жылға



Коллаж К.Оразбаев

Онан кейінгі орынды Ресей мен ТМД елдеріндегі ең үлкен интернет-дүкендердің бірі – Wildberries иеленуде. Компания киім-кешек, электроника, тұрмыстық заттар және басқа да санаттардағы тауарларды сатады. Ресейлік e-commerce-тің алыбы Ozon-да өзгелерден қалысар емес. Оның тұрақты сатып алушылар базасы 16 млн адамнан асады. Ал ай сайынғы пайдаланушылары 80 млн адамнан кем түспейді. Мұнда киім мен азық-түліктен бастап косметикаға дейінгі, тіпті көліктің бөлшек заттары секілді түрлі санаттағы тауарлар ұсынылған. Әлбетте, Ozon Қазақстандық кәсіпкерлер үшін үлкен әлеуетке ие.

Бүгінде елімізде Қытаймен сауданың қарқынды қатты. Екі ел арасындағы байланыс күннен-күнге сауданың көркіні қызыдыра. Бұған мемлекеттің қолдауының да әсері бар. Мәселен, биыл Боао Азия форумының XXIII сессиясында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықтың перспективалы бағыттарын атады. Сондай-ақ Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда айналымы отыз жылда жүз есеге өскенін айтты.

Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінде Қазақстан мен Қытай қарым-қатынасы тиімді серіктестіктің үлгісі саналады. Еліміз Қытайдың Орталық Азиядағы негізгі сауда-экономикалық серіктесіне айналды.

– Қытайдың аймақтағы сауда-саттығы мен салған инвестициясының тең жартысы Қазақстанның үлесіне тиесілі. Былтыр Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымы 41 миллиард АҚШ долларын құрады. Бұл – тарихи рекордтық көрсеткіш. 2023 жылы елдеріміз арасындағы жүк тасымалының көлемі 22 пайызға артып, шамамен 30 миллион тоннаға жетті. Осыдан он жылдан астам уақыт бұрын ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Қазақстанға жасаған сапары кезінде «Бір белдеу, бір жол» ауқымды мегажобасын таныстырған болатын. Аталған жоба Шығыс пен Батыс арасындағы негізгі көпір қызметін атқарады, ал Қытайдан Еуропаға құрлық жолымен тасымалданатын жүктің 80 пайызы Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Бұл маңызды артықшылықты біз толықанды пайдалануға тиіспіз. Біздің өз инвестициямыз да «Бір белдеу, бір жол» бастамасымен стратегиялық тұрғыдан сабақтас әрі заманауи, мультиформальді, экологиялық тұрғыдан қауіпсіз және орнықты инфрақұрылым құруға бағытталған, – деді Президент.

Осыныша тауар айналымының арасында Pinduoduo, 1688, Taobao сияқты маркетплейстердің де үлесі бар. Бұл қосымшалар арқылы сауда жасау халық үшін тиімді әрі ыңғайлы болып тұр. Тәулік бойы жұмыс жасайтындықтан Қазақстанның кез келген жерінде отырып тапсырыс беріп, уақыт үнемдеуге болады. Әсіресе, Pinduoduo платформасын қолданбайтын қазақ жок. Жиназдан бастап, майда-шүйдеге дейін тапсырыс беруге болады. Базарға қарағанда бағасы да тиімді. Бұл платформа базардың саудасын тұралақты. Онлайн дүкенде айына шамамен 750 миллион қолданушы

қарай базардағы 700 мыңдай адамға электронды саудаға бейімделу керек болады. Базарда сауда-саттықпен айналысатын адамдардың барлығы – қарапайым саудагерлер. Біз қазірден бастап оларға электронды саудаға бейімделу қажет екенін айтып жүрміз, – деді министр журналистерге берген сұхбаттарының бірінде.

Бір қызығы, жапа-тармағы қолданып, сауда жасап жүрген Pinduoduo-ның Қытай өз ішінде қолданбайды екен.

– Pinduoduo қазақтың жанды жерін дөп басты. Біз біреу бірдене тауып бағыса, соған еріп кетеміз ғой. Мойындау керек, Pinduoduo-ның бастапқы курсы үйреткендер жақсы ақша тапты. Ал одан тауар алып, байып жатқандар шамалы. Негізі Қытайдың өз ішінде бұл – сапасыз, сәннен қалған тауарларды сататын сайттардың бірі. Оны қытайлықтардың өзі қолданбайды. Ал Pinduoduo-ны танымал еткен осы ТМД елдері деп айтар едім. Негізі бұл сайтты «Қытайдың қалдығы» деп айтады, – дейді Қытай зауыттарымен сауда жасап отырған әлеуметтік желі белсендісі, кәсіпкер Уміт Ырысбекқызы.

Ал Гүлжайна Әзімбайқызы Pinduoduo қосымшасы арқылы сауда жасап, өзінің кәсібіне айналдырған.

– Бастапқы кезде өзімнің қажеттіліктерімді өтеу үшін тіркелдім. Тапсырыстарымды алып, көңілімнен шыққан соң түрлі тауарлардың фотосын желіге салдым. Көрішлер мен туған-туыстарым тапсырыс бере бастады. Тапсырыс саны артқан сайын менің қызығушылығым оялды. Осылайша өзім үшін басталған дүние менің қосымша табыс көзіме айналды, – дейді ол.

Жалпы Қазақстандық маркетплейстердің қысқа мерзім ішіндегі тиімді жұмысының арқасында елдегі қолма-қолсыз транзакцияның көлемі өсуде. Қалай десек те олар дәстүрлі интернет-дүкендерді біршама ығыстырып тастады.

### АЛДАНҒАНДАР ДА БАР

Онлайн сауда дәстүрлі емес сауда жүйесіне жатады. Тұтынушы тапсырыс бергенде нақты тауарды көре алмайды. Заттың техникалық жай-күйі қандай, мәлімделген сипаттамалар мен фотосуреттің бір-біріне сәйкестігін де білмейсің.

Бір айта кетерлігі, онлайн сауда пайда болғаннан бері алаяқтар да іске кірісті. Тапсырыс үшін алдын ала төлем қабылдап, заттың келмей қалуы да ғажап емес. Ақшаға дәнникендер әлеуметтік желі арқылы алаяқтықтың түрлі әдісін қолдануда. Мәселен, клиенттерді алдау мақсатында интернет арқылы чат ашып, аты бар заты жоқ тауарларды жарнамалап, арзан бағада ұсынады. Бүгінде естіп-көріп жүрсе де арзан дүниеге алданып, сан соғып жатқандардың қарасы қалың.

Сөзімізге тұздық болсын, Айс Мұратова атымен танымал блогер әлеуметтік желі арқылы қазақстандық көсіпкерлерді сан соқтырды. Ол Қытай мен Қазақстан арасында арзан тауар әкелемін деп 5 мыңнан аса адамнан 30 млрд теңге жымқырып кеткен. Ал банк қызметкері болып өзін таныстырып,

адамдардың есепшотындағы ақшаны сыпырып алып жатқандар қаншама? Биылдың өзінде Қызылордада 544 алаяқтық қылмыс тіркелсе, оның 222-сі интернет алаяқтық екен.

Интернет алаяқтарының құрбаны болғандардың бірі – қызылордалық тұрғын Тұрсынбай (кейіпкер аты өзгертілген). Ол желідегі жарнамасы жер жарған блогердің жылтыр сөзіне сеніп қалған.

– Instagram желісінен жарнама көріп қалдым. Сол арқылы чатқа тіркеліп, тапсырыс бердім. Онда майда-шүйдеден бастап, жиһазға дейін тапсырыс беруге болады. Басында заттарым қолыма тиген соң, өзім де чат ашып адамдар тіркеп, заттар ұсындым. Тіркелген кезде Айс Мұратованың командасы екенін білгенмен, өзінің кім екенін танымадым. Заттар айтқан уақытта келген соң алданып қаламын деген еш қорқыныш болмады. Бірақ кейіннен тауардың келуі тоқтап қалды. «Келенде тұр, салығын төлеу керек» деген секілді әртүрлі сылтаулар айтылды. Желіде халық шұлаған кезде алданғанымды түсіндім. Өзімнен 100 мың теңге, командаданнан 1 млн теңге кетті, – деген тұрғын қазір қарыздарын өзі қайтарып жатқан көрінеді.

Міне бұл бір ғана мысал, ақшасын қайтара алмай жүрген, біз білмейтін адамдар қаншама?

Қалай десек те интернет жеңіл ақша табудың көзіне айналып тұр. Ал желіден пайда тауып, жұртты шаң қаптырып жүрген алаяқтардың қатары көбеймесе азаяр емес. Күнде түрлі әдіс-тәсілдер ойлап тауып, адамның осал тұсын дөп басуда.

### МАРКЕТПЛЕЙС ТҰТЫНУШЫЛАРЫ ҮШІН ҚАТАҢ ТАЛАП ЕНГІЗІЛМЕК

Ұлттық экономика министрлігі «Қазақстандағы келендік реттеу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірледі. Құжат интернет саудасын реттейтін болады. Бұл заңның басты жаңалығы неде? Тұтынушыларға қойылатын талап қандай болмақ? Алдымен осы сұрақтарға жауап берсек.

Бұдан былай шетелден тауар алдыратын әрбір қазақстандық затын келендік декларациялаудан өткізетін болады. Жаңа жоба бойынша елге келген әрбір тауар есепке алынбақ. Бұл бастама келендік баж алымдарының төленген-төленбегенін анықтайды. Демек жаңа заң жобасы бойынша әрбір азамат шетелден өзі сатып алған тауарының Еуразиялық одақтың қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттеріне сәйкес келетінін растауы қажет болады. Сондай-ақ жаңа заңмен Pinduoduo, Taobao, Poizon, 1688, Wildberries және басқа шетелдік маркетплейстер мен онлайн платформалардан сатып алынған әрбір тауар үшін де міндетті келендік декларациялау енгізілмек. Бұл өз кезегінде электронды сауданың дамуына кедергі келтірмек. Себебі елімізде тауарды сертифициаттаудың ең төмен бағасы 40 мың теңге деп бағаланған. Тұтынушы 3 мың теңгеге алған сөмкесін 40 мың теңгеге сертифициаттаудан өткізіп, техрегламентке сәйкес-сәйкес еместігін анықтауы тиіс. Оның үстіне баж салығын төлейді. Бұны қарапайым халықтың қалтасы көтермесі анық. Өзі қымбатшылықтан қажып, әрең күнелтіп жүрген жұрт үшін өте тиімсіз. Тауарын өткізгені үшін онсыз да маркетплейстердің салық төлейтіні анық.

«Ranking» сарапшыларының айтуынша, маркетплейс электронды сауда нарығы мен шағын және орта бизнеске оң ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар бюджетке де мол түсім түсіреді.

Салық түсімдері бойынша көшбасшы атағын «Kaspi.kz» (Kaspi Duken, Kaspi Travel, Kolesa) иеленген. 2023 жылы компания ел бюджетіне 102,7 млрд теңге жіберген. Аталған сома елдегі басқа ірі маркетплейстердің салықтық түсімінің 81,5 пайызын құрайды. ТОП-5 салық төлеуші қатарына мына маркетплейстер кіреді: «Wildberries.ru» өткен жылы қазынаға 13,5 млрд теңге, «Ozon.kz» 5,2 млрд теңге, «Olx.kz» 3 млрд теңге, «Halyk-market.kz» 996 млн теңге түсірген. Одан кейінгі орындарда «Shop.kz» 240 млн теңге, «Forte.kz» 206,3 млн теңге, «Jmart.kz» 79,5 млн теңге және басқалар.

Сарапшылар талдау барысында «Satu.kz», «Clevermarket.kz», «Lamoda.kz», «Tomas.kz» және «Маркетплейс.kz» жобаларын да қарастырған. Қытайлық маркетплейстер де елімізде белсенді сауда-саттық жүргізеді, алайда қазынаға салық төлемейді.

Жалпы электронды сауда жылдан-жылға дамып келеді. Бұл – нарықтағы қажеттілік. Кәсіп дамыса, елдің экономикасы нығаятыны белгілі. Сондықтан онлайн сауданың дамуына жағдай жасап, оның қалыптасуына жол ашу үнемі маңызды болмақ.

Мейрамгүл  
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,  
«Сыр бойы»



/// ҚАЛА КҮНІ

## ҚАЛА КӨШЕЛЕРІ КӨРІКТЕНІП КЕЛЕДІ



Биыл қаланың біршама көшесіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қайта жаңғыртылды. Нәтижесінде жол кеңейіп, көлік қозғалысы реттелді. Көшелер көркейіп, бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасуда. Осы орайда қала әкімі Нұржан Ахатов шаһарда атқарылып жатқан жол-көлік инфрақұрылымын дамыту жұмыстарының барысын көрді.

Қала көшелеріне орташа жөндеу, қайта жаңғырту жұмыстары, жол жа- не көпір құрылысы жүргізілуде. Жол жөндеу жұмыстары қалаға қарасты

ауылдарда да қарқын алған. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында тиісті қаражат бөлінген.

– Бүгінде әуежай жолына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар Шиелі ауданынан қалаға кіреберіс көпірден аспалы көпірге дейінгі аралық кеңейтілуде. Қожа Ахмет Яссауи және Тәуелсіздіктің 25 жылдығы көшелері қайта жаңғыртылуда. Яссауи көшесі жақын күндері ел игілігіне беріледі, – деді қала әкімі.

Жақында магистральді көшелердің бірі – Жаппасбай батыр көшесі жаңғыртылып, екі жолақтыдан төрт жолақтыға ауыстырылды. Н.Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылына дейінгі аралыққа жаңа жол салынып, халық тиімділігін көруде. Е.Көшербаев көшесіне де қаржы қаралып, қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ Қорқыт ата көшесі де кеңейтілуде. Осылайша, қаладағы ең маңызды көшелер жөнделіп, аумағы кеңейтіліп, көлік ағыны реттелді.

Бұдан бөлек, алдағы уақытта ұзындығы 9,6 шақырымдық «Қызылорда – Жезқазған» бағытының қалаашылық автомобиль жолына жөндеу жұмысы жүргізілімек.

Қала әкімі жол жөндеу жұмыстарын көріп шығып, бұл бағыттағы шаруаның бақылауда болатынын жеткізді.

Сара АДАЙБАЕВА,  
«Сыр бойы»

## СӘУЛЕТ ПЕН ЖАЙЛЫ ОРТА

Тарихи қаланың келбеті енді тіптен құлпыра түспек. Себебі, өзіндік сәулетінің әсемдігімен ерекшеленетін шаһарда «Дизайн код» жобасы жүзеге аспақ.

«Дизайн код» жобасы қаламыздағы ғимараттардың сыртқы қасбетінің үлгісі қандай болу керектігі, оның түсі, құрылыс жұмыстарына қолданылатын материалдар, оның ішінде ғимараттардың қасбетіндегі әртүрлі үлгіде жасалған жарнаманың орналасу, реттілік тәртібі, сондай-ақ, көшелердің сәулеті бірыңғай үлгіде (жарық шамдары, брусчатка, қоқыс жәшігі) жасакталатын құжаты болмақ.

«Дизайн-код» – біртұтас эстетикалық сәулет пен жайлы қалалық ортаны қалыптастыруға бағытталған ұсыныстар жиынтығы.

Осыған дейін «Дизайн код» тұрғын саны миллионнан асатын мегаполистерде жасалып келген. Мұндай бірегейлікке тек 2 жыл бұрын рұқсат етіліп, өзге шаһарларға да жоба әзірлеуге тапсырма берілген. Осыған сәйкес қалада бюджеттік өтінім әзірленіп, тиісті қаржы бөлініп отыр. Ендігі жерде кәсіпкерлік нысандар, жарнамалар, домхана мен дүкендер жан-жағын абаттандырып қана қоймай, олардың қасбеттері, жарнамалардың ілінуі де бірізділікке түсіп, дұрыс

орналастыру тәртібіне сай жүретін болады.

Биыл осы бағытта Әуелбеков пен Әйтеке би көшелерінің бойы жаңа үлгіге сай жаңғырып, түрлене түспек. Осы ретте вокзал маңында орналасқан сауда дүңгіршектері де алынатын болды. Қыста салқын, жазда ыстық бұл сауда нүктелерінің орнына ішінде жылуы жүргізілген, желдеткіші бар арнайы орындар салынады. Бұл – шаһардағы игі бастамалардың бірі.

Мейрамгүл  
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,  
«Сыр бойы»

## АУЫЛЫМ СҰЛУ СЫРДЫҢ ЖАҒАСЫНДА

Қала күні аясындағы тұрғындардың көңіл-күйін көтеретін мерекелік іс-шаралар күн сайын жалғасып жатыр. Соның бірі – қала іргесіндегі «Ақсуат» ауылдық округінде «Ауылым сұлу Сырдың жағасында» атты республикалық ақындар айтысы өтті.

Айтыстың ашылу салтанатында қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев дәстүрлі өнерді қадір тұтып, берекелі бастамаларға ұйытқы болып отырған ауыл халқына, ұйымдастырушыларға алғыс айтып, ақындарға сәттілік тіледі.

– Айтсаң аңызға, тарқатсаң тарихқа сыймайтын алты Алаштың анасы атанған Сыр елі заман талабынан қалыс қалмай, қарқынды дамып келеді. Қала күні аясында ұйымдастырылып отырған ақындар айтысы аймағымыздың абыройын асқататын, астықты өлкенің берекесін әйгілеп, адал еңбегімен ел жадында есімі қалған белгілі тұлғалардың данқын биіктететін айтулы доданың бірі болмақ.

Ұлттық өнерімізді ұлықтап, айтысты тамашалауға жиылған ауылдың үлкен-кішісіне, барша ағайынға алғысымыз шексіз, – деді Д.Тұрсынбаев.

Айтыста еліміздің әр аймағынан келген 8 ақын сынға түсіп, Сыр жағасындағы сұлу шаһарды жырға қосты. Ақмешіт – Қызылорданың арғы-бергі тарихын айшықты сөзбен кестелеген ақындарға көрермен қолшемет білдіріп отырды.

Айталық, Алматы облысынан Шұғайып Сезімхан мен Нұрмат Мансұров, Абай облысынан Рүстем Қайыртай мен Сырдария ауданынан Ерасыл Бәйментай, Шымкент қаласынан Тұрар Тілеулиев пен Арал ауданынан Ерженіс Әбдиев, Түркістан облысынан Бекарғыс Шойбеков пен



жерлесіміз, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязовпен өзара бақ сынасып, сөз сайысында бір-біріне лайықты қарсылас екенін танытты.

Мысалы, Мұхтар Ниязовпен айтысқан Бекарғыс Шойбековтің:

– Ағайын, ақиқатын айту керек,  
Көрдің қой таңғажайып замананы.  
Аталары ауылдан шықпағандар,  
Аралап жүр АҚШ пен Канаданы.  
Токсаныншы жылдарғы

тоқырауды,  
Қызылорда, ұмытқан жоқ,  
санан әлі.

Армысың, сол жылдардың жүдеп-жадап,  
Жыртықты жамап киген ағалары,  
Және де бармысыңдар осылардың,  
Бүгінді жыртып киген балалары,

– деген шумақтары кешегі жоқтық пен бүгінгі барлықтың бағасын безбелдеуге жетелейді.

Сол секілді, Шымкент қаласынан келген Тұрар Тілеулиев пен жерлесіміз, мұғалім әрі айтыскер Ерженіс Әбдиевтің сөз сайысы әзіл-қалжыңы жарасып, айтары анық, шумақтары да мығым, әдемі өрілді.

Айтыскерлер Шұғайып Сезімхан мен Нұрмат Мансұров, Рүстем Қа-

йыртай мен Ерасыл Бәйментайдың өзара тартысы бір-біріне сай, деңгейлес болды.

Айтысқа Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі Қаршыға Есімсейтова, айтыскер ақын, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Өнер және педагогика» факультетінің оқытушысы Айнагүл Әбуова, «Ақсуат» ауылдықардагерлер кеңесінің төрағасы Белгібай Бейсенбай қазылық етті. Айтыс қорытындысымен барлық ақынның өнері тең бағаланып, баршасына қаржылай сыйақы табысты.

Ауылдық округ әкімі Нұрболат Бақытұлы тұрғындарды қала күнімен және Қарттар күнімен құттықтап, ауылдың ынтымағы, елдің тыныштығы баянды болсын деген тілегін білдірді. Сонымен қатар, айтысқа демеушілік еткен азаматтарға облыс, қала әкімдігі атынан Алғыс хаттар табысты.

Ж.Махамбетов ауылының орталық алаңында өткен айтыстан кейін спорттық сайыстарға кезек берілді.

Ғазиза ӘБІЛДА,  
«Сыр бойы»

/// ЖАНҚОЖА БАТЫРДЫҢ ТУҒАНЫНА 250 ЖЫЛ

## ЖАНҚОЖА БАТЫР

(Дастан)

Пайғамбар үмбетімін – Алла құлы,  
Тараған Кішкенеден – Майдан ұлы,  
Баласы Айдарбектің Жұмабектің,  
Келгенмін дүниеге барыс жылы.  
Жанқожа аңыз болған Батыр бабам,  
Бас иген ерлігіне барша ғалам.  
Жырламай сол бабаны өлеңменен,  
Қалайша алшаң басып жүрер балаң.  
Барып ем биыл жазда зират қылып,  
Тұрғандай киелі жер сырға тұнып,  
Сыйынып Әз бабама мен жалындым,  
Кетті деп жыр жазуға ауып құлық.  
Айналдым аруағыннан батыр баба,  
Сыйынсам желеп-жебер өзін ғана.  
Болса егер артық-кемі бұл жырымның,  
Кешіргін, әулием-ау, болмай нала.  
Қорғаған кең даламды төгіп қаның,  
Біз үшін пида қылған шыбын жаның,  
Қақ жарған қара қылды, әділ сөзді,  
Жаралған ерекше боп асқақ дарын.  
Есімің ұмытылмайды болса тірлік,  
Ту қылған ақиқатты ауыз бірлік.  
Көзінің тірісінде аңыз болып,  
Тамсантқан бар қазақты жасап ерлік,  
Сыйынып Әз бабама қылдым талап,  
Атақты болмасам да мұздыбалақ,  
Арман жоқ жырлай алсам әулиемді,  
Көңілге жарық шашып қонса тарап.



Фотос: Ашық Әлдікөзев

Есеттен қалмайды деп жаудың құты.

Тай сойып, нағашыны күтті батыр,  
Ел-халқы сәлемдесіп келіп жатыр.  
Ізіне ертіп алып бір інісін,  
Жанқожа кіріп келді аттап батыл.  
Шолды да отты көзбен үйдің ішін,  
Ұсынды атасына қолдың ұшын.  
Күлді де миығынан батыр Есет,  
Дір етті, сезген сынды қуат-құшін.  
Сұрады: «Мына жігіт Жанқожа ма?  
Керірген, өсе келе пан бола ма?»  
Отты екен, уытты екен, жанары да  
Жаужүрек Киікбайдай жан болар ма?...»  
Қаймықпай сөйлен кетті, тесе қарап,  
Бейнебір тау қыраны, мұздыбалақ.  
«Атымды өзін қойған Жанқожамын,  
Аламын айбалтанды деді қалап»,  
«Жақсы, деп түп нағашы шықты сыртқа,  
Төбені көрмесің өскен Құртқа.  
Сол жерден жүгір-дағы құла мұнда.  
Қанжарды қоямын мен тігіп құлға.  
Денене кірмесе егер сендік болсын,  
Айбалта, бес қаруға құшақ тольсын.  
Келіссен оқшау тұрған төбеге шық,  
Қорыққан бұндай жерде

қайдан оңсын»...

Қанжарды көмді құмға сабын қадап,  
Ұшы тұр ұшқын шашып көкке қарап,  
Жақсы деп Жанқожа да жүре берді,  
Сексендей қалар-ау деп денем қанап.  
Кеткенде батыр бала алыс ұзап,  
Өркімнің көкпейінде тұрды сұрақ.  
Нұрымбет ойланып тұр шыдай алмай,  
Жазым боп кетпесін деп балғын құрақ.  
Қанжарды алып Есет білдірместен,  
Орнына құмды үйді кідірместен.  
Жетер деп Жанқожаға жүгір деді,  
Токтамай өткің сыннан мүддірместен.  
Қаһарға мініп бала жинап сесін,  
Алардай хас дұшпаннан есе, кегін.  
Жүгіріп жетті-дағы құлай кетті,  
Жіберді ұрып-ұрып жерге төсін.  
Жүзіне жылы шырай, шуақ ойнап,  
Беліне айбалтасын беріп байлап.  
Күрсініп батыр Есет бас ізеді,  
Кетті ме бала кезін бір сәт ойлап.

Жайлайтын-ды Тама елі Мұғаджардың

бауырын,

Қорған қылып шың-қузын,  
өткіріп құйын-дауылын.Толған еді он беске Есет бала сол кезде,  
Қапияда жау шапты Көкі білдің ауылын.  
Кеткен-ді еркек біткен үлкен асқа,  
Көрші елде үзілгенді маңғаз, қасқа.  
Қалың жау елемеді назар салмай,  
Бүк түсіп ұйықтап жатқан балғын жасқа.  
Сайлы жау мал біткенді алды айдап,  
Қыз-қырқын, жігіт-желең қолын байлап,  
Мыңбасы қозғалуға әмір етті,  
Қаңырап бос қалды деп ауыл-аймақ.  
Барады күннің көзі шеке тесіп,  
Оянды аңғал Есет көзі ісіп.  
Таңғалып жан-жағына қарай берді,  
Ойлады кеткен бе деп ауыл көшіп.  
Көрді де жылап тұрған бір жеңгесін,  
Сұрады қайда екенін ол өзгесін.  
Есітіп жау шапқанын ауылына,  
Білмеді сенерін де, ия, сенбесін.  
Сәлден соң қанығып ап болған жайға,  
Мініп ап жаудан қалған арық тайға,  
Қолға алып ақ семсерін барлығын Есет,  
Ұмтылды қалмақ кеткен терең сайға.  
Біршама шапқаннан соң еті қызып,  
Арық тай өнер төкті құстай ұшып.  
Бейнебір өмір бойы жауға мінген,  
Секілді арғымақтай қунақ, пысық.  
Жетті ол қалың жауға кезінде іңір,  
Құрысып барлық дене бейне сіңір.  
Бұлғалап ақ семсерін айғай салды.  
«Токта деп, соғысайық қашпа, кідір»  
Есітіп жас батырдың көрлі даусын,  
Шыдамай қашып дұшпан босып аусын.  
Жетіп ап ақ семсермен допша қакты,  
Дегендей мыңбасын ұзлым жаусын,  
Ұрандап атой салды «жау қаштылап»,  
Хас дұшпан бассыз қалып жатты сұлап.  
Еріксіз пенде болған туған-туыс  
Батырды құшақтады өксіп жылап.  
Қайтарып аман-есен елің, халқың,  
Сақтап қап абыройын, намыс-салтын.  
Атанып «ел қорғаны батыр Есет»,  
Жайды жұрт бар қазаққа атақ-данқын.  
Өткен күн түсті бүгін қайтып еске,  
Қанжарға қарсы тұрған ерлік істе.  
Құшақтап Жанқожаны алды сүйіп,  
Жасырмай таңғалғанын тағайп ішке.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,  
Қазақстан Журналистер одағы  
сыйлығының лауреаты.  
Қаласы ауданы  
(Жалғасы бар)



## ЕСКЕ АЛУ ТУРНИРИ

Қазан айының 10-ы Кәсіподақтар күні болып 1990 жылы Қазақстан кәсіподақтарының XIV съезінде белгіленген. Ал «SENIM» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі республикалық кәсіподақтар бірлестігінің құрамына 2018 жылы қабылданған.



Қызметінің негізгі мақсаты – кәсіподақ мүшелерінің жеке, ұжымдық, әлеуметтік-енбек, кәсіби, экономикалық және өзге де құқықтары мен мүдделерін қорғау, өкілдік ету. Өз қызметінде атқарушы билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, жұмыс берушілер және олардың бірлестіктерінен, саяси партиялар және басқа да қоғамдық бірлестіктерден тәуелсіз. Олармен қарым-қатынасты әлеуметтік әріптестік, диалог және ынтымақтастық негізде құрады.

Республикалық қоғамдық бірлестіктің облыстық филиалы өз жоспары негізінде төл мереке қарсаңында медицина ұйымдары арасында жылдам шахмат түрінен (рапит) турнир ұйымдастырып, оны медицина саласына еңбегі сіңген Өтепберген Әбілхайырұлы Наурызбаевты еске алуға арнады.

Ө.Наурызбаев 1937 жылы Жаңақорған ауданы «Төменарық» елді мекенінде дүниеге келген. Орта мектепті 1955 жылы үздік тәмамдап, 1962 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтын бітірген. Еңбек жолын Қызылорда қаласында №1 және №2 қалалық емханаларда дәрігер хирург болып бастап, облыстық ауруханада бас дәрігердің ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар бойынша орынбасары, ал 1967 жылдан қалалық денсаулық

сақтау бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған. Қалалық емдеу мекемелерінің материалдық-техникалық базасының нығаюына, төсек-орындар санының көбеюіне, балалар ауруханасы мен емханасы филиалдарының ашылуына, балалар стоматологиялық емханасының, қалалық перзентхана бөлімшесінің филиалын ұйымдастыруға ұйытқы болған. №1 қалалық емханада бас дәрігер, кейін облыстық денсаулық сақтау басқармасында және облыстық медицина орталығында апат медицинасы бөлімін басқарған. Денсаулық сақтау саласындағы жүйелі, жемісті еңбегі мен белсенді қоғамдық жұмысы үшін Денсаулық сақтау саласының үздігі, «Еңбек ерлігі», «Еңбек ардагері» төсбелгілерімен, Құрмет грамоталарымен, Алғас хаттармен марапатталған. Медицина ғылымының кандидаты ғылыми атағын хирургия саласы бойынша қорғаған, жоғарғы санатты хирург. Ұйымдастырушы қызметіне, өңір халқының денсаулығын жақсартуға 47 жылғы арнаған, Қызылорда қалалық партия комитетінің пленум мүшесі, қалалық мәслихат депутаты болып өз сайлаушылары алдында абыройлы қызмет атқарған. Отбасында жұбайы Құлтаймен 3 қыз, 6 немере, 1 шөбере

тәрбиелеген ардақты әке, қамқоршы ата. Өтепберген Әбілхайырұлының көзін көрген әріптестері шәкірттері жақсы қасиеттерін еске алды. Елге еңбегі сіңген абыройлы азаматты, әріптесті еске алуға арналған шахмат турниріне 30-дан астам медицина ұйымынан 30-ға жуық медицина қызметкері қатысты. Жеміспаздарға жүлделі орындар үшін естелік кубок пен бағалы сыйлықтар беріліп, қалған қатысушыларға да сыйлықтар тапсырылды. Турнирге марқұм Өтепберген Әбілхайырұлының бауыры Әбибулла Наурызбаев өз отбасы атынан демеушілік жасап, ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

«SENIM» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы республикалық қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалы торағасы

**С. ЫСҚАҚОВ,**  
«SENIM» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалы торағасы

## АУЫРМАУДЫҢ ЖОЛЫ БАР

Жедел респираторлы вирусты инфекция мен тұмау – вирустардан туындайтын, тыныс алу жолдарының (мұрын қуысы, жұтқыншақ, көмекей, кеңірдек, бронх) қабынуынан туындайтын ең көп таралған аурулар. Олар ауа тамшылары арқылы таралады. Белгілері – әлсіздік, дене қызуының жоғарылауы, тамақтың ауыруы немесе жиырылауы, мұрын бітелуі, жөтел, бас ауруы.

Бастапқы белгілері біліне бастаған кезде медициналық көмекке жүгіну, яғни үйге дәрігер шақыру қажет. Үйде қалып, төсекте жатқан жөн. Лимон, бал, бұддіргенмен шәй, С дәрумені бар фитощәй, жылы сүт, компот бір сөзбен айтқанда, көп мөлшерде су ішкен дұрыс. Алғашқы күндері «Анаферон», «Лавамаск», «Интерферон» мен «Оксалин» майы, мұрынға тамызатын тұзды ерітінділер, тамшы сияқты дәрілер тиімді.

Инфекцияның таралуына жол бермеу үшін сырқатты ерте анықтап, оны көпшіліктен оқшаулау керек. Жеке бас гигиенасын сақтау және қолды жиі жуу, науқасқа күтім жасағанда медициналық маска киіп жүру, бөлмелерді жүйелі түрде желдетіп тұру, маусымдық аурушандық деңгейі жоғарылаған кезде көпшілік орындарға баруды шектеу керек. Әсіресе, үйден шығарда мұрынның айналасына «Оксалин» майын жағып, қатты тоңбау, ауа райына қарай киіну керек.

Ең бастысы, таза ауа, денешынықтыру және спорт, өмір сүрудің тиімді тәртібі, дәруменге бай тағамдар көп көмектеседі.

**Жансая ИСЛАМБЕК,**  
№1 қалалық емхананың СӨСҚ маманы

## ЕГІН ЖИНАУ КЕЗІНДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Қызылорда қалалық төтенше жағдайлар басқармасы ауыл шаруашылығы дақылдарын жинау кезіндегі өрт қауіпсіздігін сақтауға шақырады.

Негізгі міндеттердің бірі – егін жинау науқанын жоғары қауіпсіздік жағдайында өткізу. Өрт егін мен ауыл шаруашылығы техникаларына үлкен зиян келтіреді. Оның алдын алу үшін келесі талаптарды орындау қажет:

1. Алқаптардың орман алқаптарына, дала жолағына, автомобиль жолдарына және темір-жолдарға іргелес жерлерінің ені кемінде 4 метр жолақ етіп шабылып, жыртылуға тиіс.

2. Дөңді дақылдарды жинау астық алқаптарын ауданы 50 гектардан аспайтын учаскелерге бөлуден басталуы керек. Учаскелер арасында ені кемінде 8 метр шалғылар жасалғаны жөн. Шалғы жолының ортасының ені кемінде 4 метр болатындай жыртылады.

3. Жиналатын астық алқаптарына жақын жерде өрт болған жағдайда трактор мен соқа дайын болуы қажет.

4. Жинау комбайндары, жем-шөп жинау машиналарын пайдалану кезінде механикалық және жылу жүйесі зақымдануы мүмкін жерлерде электр сымдарын мықтап бекітіп, оларды сенімді түрде қорғау қажет. Үйкеліс пайда болмау үшін айналмалы бөлшектер бекітіледі.

5. Мойынтіректер қызып кетпесін және оларды уақытылы майлаңыз. Жанудың басталуын уақытылы анықтау және сөндіру үшін шаралар қабылдау керек. Комбайнды, машинаны, әсіресе олардың ізін жүйелі түрде бақылаңыз.

6. Іштен жану қозғалтқышы бар көлік құралының жүргізушісі ауысымына кемінде 2-3 рет қозғалтқыш, коллектор, пайдаланылған газ шығатын құбыр және ұшқын сөндіргіштің бетін шаң мен күйіктен тазартып отыруы тиіс.

7. Жем дайындау кезінде қолданылатын өздігінен жүретін шассилер, шөп шапқыштар, тракторлар, автомобильдер мен комбайндар қозғалтқыштарының шығару құбырлары жарамды ұшқын сөндіргіштермен жабықталуы керек. Жер жыртумен айналысатын тракторлар үшін де солай.

8. Өрттің астық массиві бойынша таралуын шектеу үшін жану аймағының айналасын жырты қажет. Оның орны оттың таралу жылдамдығы мен желдің бағытын ескере отырып таңдалғаны жөн.

**Қызылорда қалалық төтенше жағдайлар басқармасы**

## ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ НЕГІЗІ

Кез келген мемлекет қоғамның барлық саласында, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынаста тәртіп пен сақтықты орнатуға мүдделі. Оның қоғамның дамуы, экономиканың, мәдениеттің көтерілуі және бұқара қауіпсіздігінің артуы мүмкін емес.



Зандылық пен тәртіптің үстемдігі саласында әділет органдарының алатын орны ерекше. Мемлекет пен қоғам өмірінде өте маңызды рөл атқаратын әділет органдары қызметінің басымдығы – адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, қазақстандық қоғам мен мемлекеттің тұрақты және үдемелі дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық заңдарды қалыптастыруға қатысу.

Әділет органдары Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы құрылған сәттен бастап, Тәуелсіздік туын көтерген бүгінгі күнге дейін құқықтық мемлекетке жүктелетін міндеттерін абыроймен атқарып келеді.

Тарихы тереңде жатқан әділет органы 1919 жылы құрылды. Осы жылдар ішінде ел өміріндегі аса елеулі тарихи оқиғалардың бел ортасында болып, саяси, құқықтық және әлеуметтік-экономикалық күрделі өзгерістерге атсалысуға.

Тарихқа көз жүгіртсек, 1920 жылы Әділет халық комиссариаты ретінде құрылып, 1946 жылы Қазақ КСР Әділет министрлігі болып қайта аталды, 1960 жылы таратылып, 1970 жылдың 25 қыркүйегінде қайта құрылды.

Ал Қазақстан Тәуелсіздік алған соң әділет органдары үшін жаңа кезең басталды. Егемен Қазақстанның алғашқы заңдарының қабылдануы мен атқарушы биліктің бөлінуіне байланысты сот билігінің заң жолымен белгіленуіне қадам жасалды. Әділет министрлігі және оның органдары түбірмен өзгеріп, жаңа сипатқа ие болды. Осылайша, өзінің сан қырлы қызметінің арқасында мемлекеттің құқықтық саясатын жүзеге асыру ісіне үлес қосып келеді. Бағдарланған міндеттер негізінде жаңа кезең талабына орай мемлекеттік құқықтық реформаны қалыптастырып, жүйелі жұмысын дамыта түсті.

Министрлік – басшылықты, сондай-ақ заңнамалық көзделген шекте оның құзіретіне жатқызылған қызмет саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган. Негізгі міндеті – мемлекет қызметін құқықтық қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың жұмы-

сында заңдылық режимін қолдау, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Ал заң шығару бастамасы құқығын жүзеге асыруда Әділет министрлігі маңызды рөл атқарып келеді. Қай уақытта да заң жобасын жасау қызметі министрліктің аса маңызды міндеттерінің бірі болып қала бермек.

Республиканың әділет органдары барлық кезде өз заманына лайықты бола білді және өз қызметінде заң актілерін әзірлеу, заңдарды жүйелеу, заңдар жинағын әзірлеу мен шығару саласындағы қиын міндеттерді шешті. Ал әділет органын басқарған тұлғалар кәсіби жағынан аса білікті заңгер, адал әрі ел сенімін ақтаған жандар болды. Осы тұлғалардың еңбегінің арқасында әділет органдары бүгінгі күні мемлекетіміздің құқықтық дамуына зор үлесін қосып, халықаралық аренада Қазақстанның лайықты орнын табуына атсалысып келеді.

Министрлікті басқарған Зағипа Балиева, Рашид Түсіпбеков, Берік Имашев, Марат Бекетаев халқымыздың біртуар азаматтары ретінде бүгінгі күні де еліміздің құқықтық дамуына үлес қосып келеді. Олар – әділет органдары жүйесінің сапалы жұмыс істеуі мен жетілуіне еңбек сіңірген тәжірибелі заңгерлер.

Министрліктің кейінгі жылдардағы бүкіл қызметі құқықтық мемлекетті қалыптастыруға бағытталған. Әсіресе, Қазақстан Республикасын ең қымбат қазынасы адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып саналатын демократиялық, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет ретінде орнықтыру жолына қосқан үлесі өлшеусіз.

Қызылорда облысының әділет органдары Әділет министрлігінің бағынышты мекемесі ретінде өзіндік міндеттері мен мақсаттарын жүйелі іске асырып келеді.

Аймақта 1939 жылы құрылған әділет бөлімі, басқарма, одан кейін департамент мәртебесіне ие болды. 1970 жылы басқарманы өз заманының білікті заңгері Қанат Халиоллаұлы Бұтабаев 14 жыл бойы басқарды. Одан кейінгі 4 жылда басшылықта Әуез Қаженов, 1988 жылдан 1997 жылға дейін Владимир Ми-

хайлович Борисов болды. Кейін Тілекес Сейітов, Тілепберген Нәбиев, Бақытжан Қалымбетов, Айтбай Әлібаев, Бақытбек Ергалиев, Балаим Кесебаева, Қалдыбек Сапаров басқарды.

Сыр бойында туып-өсіп, бірнеше буынға ұстаздық еткен, басқарма бастығының бірінші орынбасары болып он екі жыл қызмет атқарған Жаксылық Аяпбергенов сынды ардагердің өмір жолы ұрпаққа үлгі. Сонымен қатар, реформа кезеңінде департаментті жеті жыл басқарған Бақытбек Ергалиевтің, ұзақ жыл бойы орынбасар болып қызмет жасаған Тастыбай Лесеровтің қызметтік ерекшеліктері ұмытылмақ емес. Айта берсек осынау ғасырға жуық уақыт ішінде бұл жүйеде талай ұрпақ алмасып, сан түрлі реформа жаңаланып, заман талабына сай жұмыс істеп келеді.

Президент болып сайланған уақыттан бері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы халықтың ал-ауқаты, құқықтары мен бостандықтары турасында аз айтып жүрген жоқ. «Елімізде заң үстемдік етуі тиіс. Заң алдында билік өкілдері де, азаматтар да бірдей» деген сөзі заңның үстемдігі мемлекеттің өсіп-өркендеуіндегі басты қаламы екенін ұғындырғандай.

Әділет органдарының барлық қызметкері осы бағытта, Қазақстанның дамуы жолында, Қазақстан халқының игілігі үшін күш-жігерін, білімі мен біліктілігін аямай жұмсай бермек.

Құрметті әділет органдарының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мереке – Әділет органдары күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Құқық пен әділеттілік жолында атқарып жатқан қажырлы еңбектеріңіз үшін сіздерге алғыс білдіреміз. Сіздердің адал қызметтеріңіз бен жоғары кәсібиліктеріңіз қоғамымыздың тұрақтылығы мен заң үстемдігін қамтамасыз етуге үлкен рөл атқарады.

Осы мерейлі күні сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге толағай табыс тілейміз. Өрқашан әділеттіліктің айқын жолында болып, ел игілігі үшін қызмет ете беріңіздер! Мерекелеріңіз құтты болсын!

**И.БАКИШЕВА,**  
Қызылорда облыстық әділет департаментінің басшысы

## ҚР ТЖМ Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті бастығының және орынбасарларының 2024 жылғы жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды жүргізген тұлғаның Т.Ә.Ж.	Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды жүргізген тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
ҚР ТЖМ Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті	Қайрақбаев Руслан Сламбекұлы	Департамент бастығы	дүйсенбі-сәрсенбі сағат 15:00-17:00	Қызылорда қаласы, Бөкейхан көшесі, құрылыс 69	55-10-85
	Ибрагимов Нұрсұлтан Жаңабайұлы	Департамент бастығының орынбасары	сейсенбі-бейсенбі сағат 15:00-17:00	Қызылорда қаласы, Бөкейхан көшесі, құрылыс 69	55-10-85
	Әбдіқадиров Бекболат Қайырбекұлы	Департамент бастығының орынбасары	сәрсенбі-жұма сағат 15:00-17:00	Қызылорда қаласы, Бөкейхан көшесі, құрылыс 69	55-10-85
	Түйменов Жасулан Қалдыбайұлы	Департамент бастығының орынбасары	сейсенбі-бейсенбі сағат 15:00-17:00	Қызылорда қаласы, Бөкейхан көшесі, құрылыс 69	55-10-85

Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің тарапынан заңсыз іс-әрекеттер орын алған жағдайда ҚР ТЖМ Жеке құрам бойынша инспекция басқармасына 8(7242) 60-21-27, 60-19-77 телефоны арқылы, Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Жеке құрам бойынша инспекция тобына 8(7242)70-03-15 телефоны арқылы жүгіне аласыз. Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің «Сенім телефоны» 8 (7242) 24-40-46.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru



/// ТІЛЕКТЕСТІК

## НҰРЛАТ БАЙГЕНЖЕ – «ҮРКЕР» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ



Астана қаласындағы «Қазмедиа» орталығында баспа, радио, интернет-журналистика саласындағы «Үркер-2024» ұлттық сыйлығының жеңімпаздары анықталды. Дәстүрге айналған ұлттық байқаудан ақсұттай жаңалық келіп жетті. «Жанакорған тынысы» газетінің бас редакторы қызметін атқарған әріптесіміз, бүгінде «Астана ақшамы» газетінің тілшісі Нұрлат Байгенже «Жылдың үздік журналистік зерттеуі» аталымы бойынша үздік деп танылды.

Ұлттық байге 12 номинация бойынша өткізілді. Байқауға барлығы 400 өтінім келіп түскен. Үздік жұмыстарды белгілі журналистер мен медиа менеджерлерден құралған қазылар алқасы анықтады. Жеңімпаздарға «Үркер» естелік мүсіншесі және бір миллион тенге қаржылай сыйлық табысталды.

Баспа, радио, интернет-журналистика саласындағы жетістіктері үшін берілетін қазақстандық ұлттық сыйлық талантты журналистер мен шығармашылық ұжымдарды анықтау, олардың кәсіби журналистиканы дамытуға қосқан үлесіне құрмет көрсету, шығармашылығына қоғамның назарын аудару мақсатында тағайындалған. Байқау ұйымдастырушылары – ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, «Медиа дамыту қоры» корпоративтік қоры.

Әріптесімізді ұлттық сыйлықтың иегері атануымен құттықтаймыз.

«СБ» ақпарат

/// ҚАРТТАР КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Әрбір отбасы – мемлекетіміздің кішкентай бір бөлшегі, оның ынтымақ-бірлігі – жақсы өмірдің, қоғамның жасампаздығының алтын қазығы. Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету, кішіге ілтипат-ізет білдіру – әрбіріміздің күнделікті тыныс-тіршілігімізде бұлжымас қағида, адамгершілік, ізгілік жолы. Отбасындағы қарттардың жайлы өмірі келіндердің мойнында екені рас. Қарты бар үйдің таусылмас қазынасы бар емес пе?! Олардың өмірлік ұстанымы, ұлағатты әңгімелері, ғибратты ғұмыры ұрпаққа өлшеусіз рухани байлық екенін білеміз.

## ҮЛКЕННІҢ БАТАСЫ

Бір әулеттің келіні ретінде менің де мойнымда парызым бар. Қазір ғасырлық мерей-тойына қарай қадам басқан атам Шәкірат Дәр-мағамбетұлының шаңырағының сол бұрынғы қалпын сақтау жауапкершілігі маған жүк-телген.

Қолынан әлі күнге дейін қаламы түспеген атам, бүгінде денсаулығы аздап сыр берген енемнің қас-қабағына қарап отырамын. Құрметті қарттарымызға күн құрғатпай қаншама жандар дидарласуға, әңгіме-сұхбат құруға келіп-кетіп жатады. «Қырықтың бірі – Қыдыр» деген емес пе, оларға да барынша ықылас-ниетімізді танытамыз.

Күні кеше ел ағалары келіп, атам мен енемнің хал-жағдайын біліп кетті. Олар – Арал ауданы әкімінің орынбасары Нұрмұхамет Бохаев пен мәдениет үйінің басшысы Алмасбек Молжігітов. Атамен амандасып болған соң, сырқаттанып жатқан анамызға лебізін білдірді. Бес жылдан бері төсек тартып жатса да, мойымаған анамыз айрықша алғысын айтты.

Анамыз Маржанкүл Орынбасарқызы жастайынан әкесінен жетім қалса да, анасы Злихань қажыр-қайраты арқасында 1965-1970 жылдары педагогикалық институтты оқып, ағылшын тілі пәні мұғалімі мамандығын алып, қырық жылдай шәкірттерге білім берді. Ұстаз ретінде алғашқы еңбек жолын Шығыс Қазақстан облысының Шемонайха ауданындағы мектепте бастаған. Арал қаласындағы №213, №220 мектептерде, №2 кәсіптік-техникалық лицейде мұғалім болып, жүздеген түлекті үлкен өмірге қанаттандырды.

Ұстаздық еткен жылдары Құрмет грамоталарымен марапатталды. Жұмыс істей жүріп, үлкен әулеттің барлық шаруасын тиянақты атқарып, ұл-қыздарын тәрбиеледі. Атамыздың да қызметте алда болуына барлық жайлы жағдайды жасап отырды. Анамыздың үлгі-өнегесін келіндері жалғастырып келеді. Үлкендердің қас-қабағына қарап отырған келін болғандықтан, олардың көңіл-күйі көтерілгені үшін құрметтеп келген ел ағаларына алғысымды жеткізгенді жөн көрдім.

Қазыналы қарттарымыз аман болсын, оларға ілтипат білдірген, елеп-ескерген азаматтар халықтың алдында көшбасшы болып жүре берсін деймін.

Динара СӘПІҚЫЗЫ

/// ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

## ҮЗІЛІП ТҮСКЕН БІР СӘУЛЕ

Жақында тақырыпта айтылғандай тағы бір жаңа кітапты қолға алдық. Жергілікті «Қызылорда қанағаты» баспасынан жарық көрген бұл кітапта елімізге белгілі «Досжановтар клиникасының» негізін қалаушы білікті дәрігер, қайсар тұлға Қабыл Қайырбайұлы Досжановтың тағдырлы өмір жолы, адами айшықты бейнесі сомдалған.



Кейіпкердің өз атынан баяндалатын тағдыр таразысындағы күрескерлік тұлғасы, емдеу ісіндегі ерекше тәжірибесі, отбасы құндылықтары шынайы оқиғалармен берілген. Сонымен бірге оқырман өз жанының өшпейтін жарығына айналған асыл жарға деген сағыныш пен құрмет мәртебесіне куә болады.

– Тағдыр, сенің құрсауына танылдым, Бостандығым – ар, иманым, көмілмін.

Мәдинанын аталғанда есімі,

Жүрегінен күн шығады Қабылдың, – деп басталатын бірінші бөлімде алдынан бас кейіпкердің балалық шағы атойлап шығады. Бас алмай оқисың. Онда қазақ аяулы бейнесі, ақсақалдар тәрбиесі, тіл тазалығы, халық дәстүрі, не ізденесің де табылады. Кітаптың мына бір әңгімесіне құлақ салыңызшы.

«Әлі есімде, әкемінің жылы бергеннен кейін біздің үйге төрт-бес туысымыз келді. Анам сәлем салып, көрпеше жайды. Олар төрге жайғасып, Құран оқыды. Алты жасар бала болғандықтан үлкендердің атын да білмейтінмін, бірақ, туысқан екенін білемін. Сөйтсем, бұлар Бәйтеш, Нұрташ, Әйтеш, Отар көкелер екен. Олардың етегіне таман мен де қозғалмай отырмын. Бала болсам да назарларының маған қарай ауғанын сеземін.

Бір кезде үлкендердің бірі:  
– Қабыл балам, сен інілеріңнің болғанын жақсы көресің бе? – деді басымадан сипап.

Менің ойыма бірден Дабыл түсті. Көңілім босап кеткендей еді, басымды изедім. Әлдеқайдан інім үйге кіріп келетіндей үмітім оялды.

– «Аға өлсе – жеңге мұра, іні өлсе – келін мұра» деген сөз бар, қарағым, – деп Бәйтеш көке бір әңгіме бастады. – Қазақтың «ерден кетсе де, елден кетпеген» келіндері ұрпағының өз жұртынан ажырамауын, ағайынның бірлігін ойлаған. «Басқа түссе баспақшы», Құдай ісіне не шара, осылай болды.

Енді анаңды мына туыс ағана, Отарға қоссақ дейміз. Осыған сенің рұқсатыңды сұрап келіп отырмыз. Отар аған аңа екеуіңе қамқорлық жасайды, Құдай бұйырса, тағы да інілерің болады, – деді.

Көкемің мақалдарына түсінбесем де, ұзын сөздің ыргасынан осыларды ұқтым.

Қазір ойлап отырсам, үлкен кісілердің баласынбай менің рұқсатымды алуға келіп отырғаны не деген көрегенділік! Алты жасар баламен санасқан қазақтың салты тұнып тұрған даналық екен-ау. Менен рұқсат сұрамай-ақ үлкендер өз ойын іске асыра алады, әрине. Алайда, ол бөтен біреудің үйге басып кіргеніндей әсер етіп, көңіліме қаяу түсер еді. Үлкендердің алдыман өтуге келгені мені едәуір есейтіп жібергендей болды. Жылы сөйлеген көкелерімді жақсы көріп кеттім де, мақұл дедім.

Мұнан әрі бас кейіпкердің өміріне өзінің қалай еніп кеткенін білдіріп беремін.

Жазушы Дүйсенбек Аяшұлының қаламынан туған кітап қиындықтарға мұқалып жүрген жас отбасыларға жол көрсетіп, жігер береді. Өмірді сүюге құштарландырады. Қалғанын өзіңіз оқып көрсеніз болады.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ,  
«Сыр бойы»

/// ДЕНСАУЛЫҚ

Қатерлі ісікке ажал үкімі ретінде қарайды көбі. Бірақ айналамызда өз бетінше амалын тауып, оны жеңген адамдар аз емес. Бүгінгі кейіпкеріміз, Қызылорда қаласының тұрғыны Мөлдір Мұстафаеваның ерік-жігері бізді таңғалдырды. Өзара әңгімеде аурудан қалай құтылғанын, ол үшін қолданған әдісті қалай бизнеске айналдырғанын айтып берді.



## ҚАТЕРЛІ ДЕРТТІ ДИЕТАМЕН ЖЕҢГЕН

– Бірінші күйеуіммен бес жылдай бірге тұрдық. Арамызда бала болмағанына ажырасуымызға тура келді. Қанша сүйіп қосылсақ та ұрпағы үзілмесін деген ниетпен жолын бөгетім келген жоқ. Дәрігерлер маған «бедеулік» деген диагноз қойды. Бірақ бала күнінен спортпен үзбей айналысқан, ешқашан денсаулығына шағым айтып көрмеген адам қалай аяқасты ауру болады деген ой миымнан шықпады. Содан тынбай іздендім. Интернетті ақтарған сайын ашығу туралы ақпарат алдыман шыға берді. Медицинада емі жоқ дерттің 80 пайызын осы әдіспен емдеуге болады екен. Ол кезде Қазақстан бойынша ашығу орталығы Шымкентте ғана. Соған барып, бір апталық диета ұстауға бекіндім. Арадағы үзілісті қосқанда ол екі жылға жалғасты. Кейін тағы тексеріліп, дәрігерлер бала көтере алатындымыз айтқанда өзіме өзім сенбедім. Дәрігерлер о баста маған дұрыс диагноз қоймаған екен деп ойлады. Өзім нәтижесін көргесін айналамызда адамдарға ықпал ете бастадым. Мен ұсынған әдіспен ашығудың арқасында ауруынан, артық салмақтан арылғандар көбейе бастады. Америкалық диетолог Пол Брэггтің кітабын оқып, әр адамның ағзасында өз «дәрігері» болатынын түсіндім. Күнделікті тамақтану арқылы біз жасушаларымыз бен иммунитетіміздің өздігінен тазаруына мүмкіндік қалдырмайды екенбіз, – дейді Мөлдір Мұстафаева.

Аты жаман аурудан айығуына да ауызды тыю тәсілі көмектескен көрінеді. Ал оған адамдар көбіне күйзелістің кесірінен дұшар болады екен. Бүгінде кейіпкеріміз – Қызылорда қаласындағы Қазақ диетасын құру орталығының негізін қалаушы әрі басшысы. Бірақ қызығушылықпен, ізденіспен басталған істі бизнеске айналдырамын деп еш ойламапты. Жолында кездескен сан түрлі соқпақта сынып кетпей, сынаққа шыдағаны нардың жүгін көтергенмен бірдей.

– 2017 жылы жұмысымнан қол үзіп, бірыңғай осы салаға бет бұрдым. Алайда мені ешкім қолдаған жоқ. «Түкке пайдасы жоқ тірлік үшін тым жақсы жұмысыңды тастадың» деп, туған-туысқа дейін сырт айналды. Сол кезде қатты күйзеліске түстім. Осы салада өзімді танытамын, дәлелдеймін дегенде Қазақстанда оқитын жер болмады. Сондықтан әлемдік деңгейдегі мамандардың еңбектерімен танысуға тура келді. Өзіңіз білесіз, аттестация кезінде полицейлерден артық салмақтың болмауы талап етіледі. Бір жолы бірінен бірі естіп, осындай он шақты адам келді. Пайдам тигені үшін 600 мың тенге ұстатты. Мұны табис көзіне айналдыруға болатынын сол кезде түсіндім. Табысымыз түгел білім алуға жұмсадым, – дейді орталық басшысы.

Кейіпкеріміз содан бастап өмір сүру тәртібін түбегейлі өзгерткен, жеті-сегіз жылға дейін той-томалақ атаулыдан бас тартып, бүкіл уақытын, күш-жігерін, қаржысын білім-біліктілігін арттыруға арнаған. Кәсіптегі кедергілерге отбасылық мәселелер қосылып, қиындығы еселенген. Бірді бірге жалғау үшін төрт істеп, балық қуырып сатқан кездерін еске алды.

– Қолым майға күйіп, жылап алған сәттерім көп. Өмірдің заңдылығы сол екен: сүрінесің, құлайсың, тұрасың. Проблемадан көз ашпай, ақыр соңында ауруға ұшырадың. Мұрнын тоқтаусыз қанап, шашым ұстап тұсетін. Денем шылқыған терден құрмамай, қолым дірілдегеннен қасық ұстауға жарамай қалдым. Дәрігерлер көпке дейін диа-

нозды таппады. Тек жан-жақты тексеру нәтижесінде қатерлі дерт екені анықталды. Шетелде емделу үшін 40-50 миллион тенген болу керек екен. Әкешем үйді, көлікті сатып, көмектеспек болған. Оларды далада қалдырып, үлкен қарызбен, уайым-қайғымен қалай өмір сүремің? Бірде ұйықтап жатқанымда үлкен кісінің даусы құлағымға келді. «Жұртқа істегеніңді өзің істе» дегенді анық естідім. Өзім екіойлы болып жүргенде бір шешімге келдім. Медицинадан бас тартып, ашығу әдісін қолдануға бел будым. Алғашқы қырық күндік ашығу нәтижесінде шашымның түсіп, қолымның дірілдегені, ауыз жаппай жөтелетінін тоқтады. Бойымда жеңілдік пайда болғанын анық сезіндім. Дәрігерлер қайтадан тексерген кезде ештеңе таппай, «мүмкін емес» деп бас шайқады. Құдайға шүкір, біреуге айтсаң, соның бәрі ертегі сияқты, – дейді М.Мұстафаева.

Аты бір болғанмен, диетаның да түрі көп. Заман кеше басқа, қазір басқа, кешегі мен бүгінгі тамағымыздың сапасы екі бөлек, бұлардың да аражігін ажырата білу керек.

– Өте семіз адамдар үшін жүгіру дұрыс емес. Арықтауы мүмкін, бірақ өзін ауру сияқты сезінеді. Өйткені жүгіргенде тізеге салмақ түсіп, бүйректі қозғайды. Терісі салбырап қалады. Себебін іздегенде түсінігенім, көп адамның ұстап жүрген диетасы біз тұратын жердің климатына, ағзамыздың ерекшелігіне сәйкес келмейді. Теңіз өнімін, шөп-шалам жейді. Содан етті де, қазы-қартаны да, сары майды да жей жүріп арықтауға мүмкіндік беретін жолды қарастырып, 2022 жылы қазақ диетасы ұғымын қолданысқа енгіздім. Оның ерекшелігі, бірінші мен екінші тамақтанудың арасы алты сағат болуы тиіс. Қандай тамақ жесенді де сол аралықта ол қорығылып үлгереді. Қарын ашқандай күйді сезінгенде бірден су ішу керек. Сонда ғана адам сергек жүреді, ұйқысы қанып, ісік те, ауру да жоламайды. Ай сайын үш келі салмақтан арыла алады. Аптасына бір күн 24 сағат асқазанды бос қою керек. Бұл – біздің жетіксіз бір үй тазалағанымыз сияқты нәрсе. Егер ағза өзін-өзі емдеп шығармаса, оған ешқандай дәрігер көмектесе алмайды, – дейді ашығу жөніндегі сарапшы.

Ашығу әдісінің тиімділігі, ағза артық нәрсені, ол ісік болсын, сұйықтық болсын, өзі жеп, жұтып, жоқ қылып жібереді екен. Бүгінде кейіпкеріміз адамның түріне, бет терісі мен ағзадағы симптомдарына қарап-ақ диагноз қоя алатын және оны емдеп, ремиссияға шығаратын деңгейге шыққан. Дауасы жоқ дерттің өзін жазуға, ауру атаулының 80 пайызының түп-тамырын зерттеп, адам ағзасын ешқандай қиындықсыз емдеуге болатынына әлдеқашан көзі жеткен.

– Қатерлі ісікке шалдыққандар ем алғаннан кейін құр сүлдері қалып, тез өзгереді немесе өмірі ұзаққа созылмайды. Ауруға шалдығып, дәстүрлі медицинадан бас тартқанында бауырым звондап, «ауруханаға жатып емделсеңші, өлесің ғой» дегенде орнымнан қозғала алмай қалғаным бар. Жаны ашып айтқанын түсінемін, бірақ бәрінен бұрын сөз жүрекке тиетінін көбі сезбейді. Сондықтан тілге абай болу керек. Адам табиғатпен етене болуы тиіс. Өз басым жерді жалаңаш басып, ағашты құшақтап, ауруым соған көшкендей медитация жасадым. Ғылымда бұл дәлелденген, – дейді кейіпкеріміз.

Нәзерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы»[www.facebook.com/syrbayi\\_kz/](https://www.facebook.com/syrbayi_kz/)

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
Марат АРАЛБАЕВ  
қабылда бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР  
Қуат ШАРАБИДИНОВ  
қабылда бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсыры бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.